



АСТАНА АКШАМЫ

ҚАЛДЫҚСЫЗ ТЕХНОЛОГИЯЛЫ ҚАЛАШЫҚ БОЙ ҚӨТЕРЕДІ

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев мақұлдаған «Астана ЭКСПО-2017» архитектуралық жобасының тұжырымдамасымен журналистер танысты. Таныстыру рәсімі Орталық коммуникациялар қызметінің брифингінде өтіп, Қоршаған орта және су ресурстары министрі, «Астана ЭКСПО-2017» ҰК» АҚ директорлар кеңесінің төрағасы Нұрлан Қаппаров, «Астана ЭКСПО-2017» ҰК» АҚ басқармасы төрағасының құрылыш және сәулет жөніндегі орынбасары Бекжан Көлбаев, «Adrian Smith+Gordon Gill Architecture» компаниясының өкілі Роберт Форест жоба жайлы жан-жақты мәлімет берді.



Олардың сөздерінен білгеніміздей, «ЭКСПО» қалашығының жалпы аумағы 175 гектар болады. Соның 25 гектары көрменің өзіне берілсе, қалғанында әлемде тенденсі жоқ ғимараттар бой қөтереді. Тұрғын үйлердің, сауда мен қызмет көрсету орындарының құрылышы ең жаңа технологиялар бойынша жүргізіледі. Құрылыш жұмыстарына пайдаланатын материалдар да халықаралық стандарттарға сай.

Нұрлан Қаппаровтың айтудың негізгі идеясы – қалашықтың 10 мыңнан 20 мыңға дейін адам тартылса, олардың 70 пайзызы отандық құрылыштың болмаған жағдайындағы қалашықтың құрылышын шетелдік мамандар атқаратын болады. «Оның себебі – сфера өте құрделі құрылыш. Қазақстандық бірде-бір компания ондай құрылышты жүргізе алмайды» деді бұл жөнінде Қоршаған орта және су ресурстары министрі.

Елорда тұрғындары Астана болашақта «акылды қалаға» айналатынан хабардадар. Соған сәйкес, көрме қалашығында акылды электр желісі, күл-қоқыс өндеу технологиялары жұмыс істейтін болады. Тарқатып

айтсақ, «Жасыл энергияға» негізделген қалашық күн мен желден қуат алып, Астананың электр желісіне тәуелді болмай-ақ, өзін-өзі жарықпен қамтамасыз етеді. Жарық үшін төлем де минимальді болмақ. Қалашық сонымен бірге жел қатты соғатын күндері өзінен артылған энергияны Астанаға беруге қауқарлы болады. Әрине, тымық және бұлынғыр ауа райы тұрғанда электр жарығы қалашыққа қаладан берілмек.

Күл-қоқыс өндідеу технологиясына келсек, қоқыс өндідеу зауыты мен әрғимарат арасына вакуумдық жүйе салынады. Ол ғимараттардағы күл-қоқыс зауытқа түсіп, өнделеді. Зауытта ешқандай жағымсыз иіс болмайды. Онда сонымен қатар, су да тазартылады. Ал, тазартылған су ғимараттарға қайтып келеді.

Нұрлан Қаппаровтың сөзінен тағы бір білгеніміз, қалашық аумағынан күніне 100-120 мың адам өтетіндіктен, мұнда нысандарын салатын кәсіпкерлер көл-көсір пайдаға кенелмек. Қалашықта салынатын, ТМД елдерінде баламасы болмайтын сауда орталығының тұтынушылары мол болатынына сенімді.

Қоршаған орта және су ресурстары министрінің айтуынша, отандық сәулетшілер канадалық компаниямен бірлесіп, қалашықты абаттандыру жұмыстарымен айналысады. Атап айтсақ, олар ұзындығы 2 шақырым болатын саябақ салады.

Қорыта айтқанда, «ЭКСПО» қалашығынан баспана бұйыратын елорда тұрғындары қай жағынан алып қарасаңыздар да бас қаланың ең жайлы ауданында тұратын болады. «Әлемде ЭКСПО көрмесінің екі түрі бар. Оның бірі – әмбебаптық, екіншісі – мамандандырылған. Екеуінің ерекшелігі, әмбебаптық көрме нысандарын негізінен көрмеге қатысушы елдер салады. Көрме өткеннен кейін бұл нысандар керек болмай қалып, қаңырап тұрады немесе бұзылып кетеді. Ал, тақырыптықта ол жоқ. Яғни, оның нысандарын көрмені өткізуші ел салып, олар мызғымай тұрады. Бақытымызға қарай, біз осындағы көрмені өткізу құрметіне ие болдық» деді Нұрлан Қаппаров.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ